

«Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдығына» арналған дөңгелек үстел

29.10.21ж Ст-21-1 топ студенттерімен «Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдығына» арналған дөңгелек үстел өтті. Әдебиет патшалығының ғажайып ханзадасы һәм бірегей сардары ретінде салтанат құрған Мұқағали Мақатаев бойындағы тамаша талантын жұртына арнаған. Хантәңірінің мұзбалағы, ақиық ақын, тау тұлғалы талант, дарынды дарабоз, «Ғасыр ақыны» атанған, миллион сырлы сезімнің иесі – Мұқағали Мақатаевқа арналды. Іс-шара барысында ақынның өмірбаяның Исабекқызы Гүлшат таныстырды, өлең оқығандар: Рысбек Қаракөз «Шеше сен бақыттысын жыламағын», Балтабаева Алия «Қазақстан», Шлатай Аружан «Қайран бауырым» және Ермек Гүлсім «1941 жыл. Ақпан». Ақынның қызықты деректерімен Қорабаева Мерей баяндады. Келесі Мұқағали Мақатаевтың сөзіне жазылған «Нұр жауып тұрған көктемде» әнін Ермек Гүлсім, Солтанхан Алмагул мен Қорабаева Мерей орындады. Келесіде Шүленбай Айымның орындауында «Кеңес» күйі шырқалды.

Отан! Отан!
Сен болмасаң, не етер ем?
Мәңгілікке бақытсыз боп өтер ем,
Өмірден бұл өксуменен кетер ем.

Құс ұясыз,
Жыртқыш інсіз болмайды.
Отансыз жан өмірінде оңбайды.
Өзін өзі қорлайды да сорлайды.
Тірі адамға сол қайғы!
Күн көреді,
Әкесіз де, анасыз,
Өмір сүрер.
Әйелсіз де, баласыз,
Ал Отансыз —
Нағыз сорлы панасыз?

Аққулар ұйықтағанда поэмасы 1973 жылы жазылған

Бұл поэмада бір жанұяның жалғыз баласы ауыр сырқатпен сырқаттанып қалады. Тәуіп шал баланы тек аққудың қанатымен аластаса ғана дертінен айрылады деп айтады. Әкесінің аққуды өлтіруге дәті бармағандықтан оның орнына анасы мылтығын алып, қасиетті аққулар мекендейтін көлге барады. Көлге келгенде ананың қолындағы мылтығы абайсызда атылып қалады да, мылтықтың оғы аққуға тиеді. Шуды естіген қарт жылқышы көлге қарай келеді де, аққу өлтірген анаға ақыл береді. Қалай болса да ана аққуды үйге әкеледі, алайда үйге қайтып оралғанда баласынын қайтыс болғанын түсінеді.

- Ана - Қаракөз баланың анасы. Ержүрек, батыл,өзінің баласына деген махаббаттан киелі аққу құсты атып өлтіргендіктен баласынан да айырылды.
- Бала - Балнұр сырқаттанып жатқан бала. Оның өмірі қыл үстінде болды.
- Тәуіп шал - Самал емші. Есінен ауысқан адам, баланың ата-анасына өтірік айтты.
- Әке - Темірлан баланың әкесі. Қоянжүрек, ар-намысты. Құдайшылық жолынан түспеуді жөн көріп, киелі аққу құсты атудан бас тартты.
- Жылқышы - Анель жылқы бағып жүрген адам. Парасатты, ақылды, данышпан. Ол анаға ақыл айтып, оны дұрыс жолға қоюды тырысты.

Іс-шараның соңында кафедра меңгерушісі Каир Самигулловнамен аға оқытушы Нурлан Зетханович сөз сөйлеп, алған әсерімен бөлісті. Іс-шараны ұйымдастырушы аға оқытушысы Темиржанова Шолпан Мейрамовна.

Мұқағалидың мұрасы – мәңгілік қазақ жырының мұрасы. Қазақтың күпі киген қара өлеңін шекпен жауып қайтарған қазақ поэзиясының үлкен құбылысы ғой. Бұл іс-шарадан студенттер үлкен рухани байлық алды деп ойлаймыз.







